

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.04 - 14.04.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)

		қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)		
	"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Глобус" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалақтау әдісін қолдана отырып "глобусты" мүсіндеуге, ермексазды жағу арқылы құрлықты бейнелеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет) Қимылды ойын: «Қоқыстан тазалау» (балалар 2топқа бөлініп үстел үстінде) Шарты: Ғаламшарды қоқыстан тазарту керек, ол үшін мына	Сурет салудан ойын-жаттығу "Түйе" Мақсат-міндеттер: балаларды түйенің пішінін салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту. (шығармашылық іс-әрекет) Түйені зерттеу Мақсат-міндеттер. Түйенің тіршілігін, қорегін, сипатын сипаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап». Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану. Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Қимылды ойын «Аш қасқыр» (қазақтың ұлттық	Жапсырудан ойын-жаттығу "Түйеқұс" Мақсат-міндеттер: балаларды дәстүрлі емес материал: мақта табақшаларынан қағаз бетіне түйеқұсты жапсыруға үйрету. (шығармашылық іс-әрекет) Ұлттық ойын. Бос орын Балалар шеңберді айналып малдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың бірінің қасына тоқтайды және қамшыны соның

	шығады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) "Боямақты бояйық". Мақсат-міндеттер. Көктем мезгілін бояу. (шығармашылық іс-әрекеті)	геометриялық денелерді пішініне қарай топтастыруымыз керек. (дене шынықтыру, еңбек іс-әрекеті)		ойыны) Мақсат-міндеттер: балалардың жүгіру дағдыларын жетілдіру. «Аш қасқыр» — кең жазықта ойналатын халықтың ең көне ойындарының бірі. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Алдымен ойынға жиылған жастар орталарынан біреуін «аш қасқыр» деп белгілейді. Сонан соң алаңның бір шетінен шеңбер сызып, оны қасқырдың апаны деп атайды. Осының бәрін орындап болған соң, ойыншылар өздеріне басқарушы етіп бір ойыншыны тағайындайды. Қалған ойыншылар	артына қойып кетеді. «Бұл жер тар, өз орныңды тап!» деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуа жөнеледі. Егер оны ұстап алса, қамшымен ақырын ұрады. Ал жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс. Егер отырып алса, ойыншы ойынды жүргізеді. (дене шынықтыру)
--	--	---	--	---	---

				басқарушының артынан тізіліп тұрады да бірінің белдігінен бірі ұстасады. Ойын басталады. «Аш қасқыр» шабуылға шығады. Ойын басқарушы екі қолын жайып, оның қарсы алдынан шығып, кескестеп, бөгет жасайды. «Қасқыр» қайтсе де «қойларды» ұстауға тырысады. Егер бұл «аң қасқырдың» қолынан келсе, ұстаған «қойларды» өзінің апанына «апарады», олар сол «апанда» ойын біткенше қала береді. Ойын соңғы ойыншыға дейін ойнала береді де, қайта басталады.	
--	--	--	--	--	--

				(дене шынықтыру)	
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау) 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл				

	сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. Салт-дәстүр. Асату. Табактағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жарқырап күн де ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйікімді баламыз! (қарым-қатынас іс-	Жүректен жүрекке Балалар шеңберге тұрып төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Күніміз ашық болсын! Түніміз тыныш болсын!	«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға	«Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның мақсат-міндеттер: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,

	әрекеті)	Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріне қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар	тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (қарым-қатынас іс-әрекеті)
--	------------------------	--	--	--	--

			қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[э] дыбысы және Ээ әрпі". Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйрету. Қазақ тілі "[Э] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".	Сауат ашу негіздері "[э] дыбысы және Ээ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін таныстыруды қайталау, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйретуді пысықтау. Математика негіздері "Баубақшаның ағаштарына суды қалай жеткіземіз?"	Математика негіздері "Ағаштар жайлы сен не білесің?" Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау. Қазақ тілі "Бердібек Соқпақбаев "Ағаштар неге	Математика негіздері "Ағаштар жайлы сен не білесің?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау. Сөйлеуді дамыту "Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге	Сауат ашу негіздері "[ц] дыбысы және Цц әрпі". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру. Құрастыру "Құрылыс ғаламшары" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары білеу, арка, призма, текше, цилиндрды

	Мақсат-міндеттер: [Э] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту. Дене шынықтыру "Қолды алға-артқа сермеп, құм толтырылған қапшықты лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды қолды алға-артқа сермей отырып, құм толтырылған қапшықты нысананың ортасына лақтыруға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Ағаштың	Мақсат-міндеттер: балалардың заттар топтамаларын салыстыруда "кем", "артық", "тең" белгілерін пайдалана білуге үйрету. Музыка "Атамекен, ақ мекен" Мақсат-міндеттер: балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту	ашуланды" әңгімесі. Ағаш түрлері" Мақсат-міндеттер. Балаларды Б.Соқпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; ағаштарға күтіммен қарауға тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден	ашуланды?»" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту. Музыка "Көгілдір көктем" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен	пайдалана отырып ғарыш кемесін құрастыруды үйрету. Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету. Көркем әдебиет "Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының
--	--	---	--	--	--

	қасиеттері" Мақсат-міндеттер: балалардың көктемдегі маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; ағаштардың бүршік жаруы туралы ақпаратты өздігінен толықтыруға машықтандыру.	"Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.	оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету. Көркем әдебиет "Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі". Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.	қабылдауға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Жас бағбандар" Мақсат-міндеттер: балаларды табиғаттағы мінез- құлық ережелерімен таныстыру; еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту.	ертегісі". (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс-	Бұлттарды бақылау. (қарым- қатынас іс-әрекеті,	Желді бақылау. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс-	Су қоймасын бақылау. (қарым- қатынас іс-әрекеті,	Топырақты бақылау. (қарым- қатынас іс-әрекеті,

	әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тастардың алуан түрімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Зерттеу. Балабақша аймағындағы тастарды табу: сұр, дөңгелек, үлкен және кішкентай. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Зейінді белгілі бір заттарға шоғырландыру, күшпен жылдамдықты біріктіру қабілетін шоғырландыру.	таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Табиғаттың жансыз құбылыстары туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы жұмыстар, қоқыс жинау, сыпыру жолдары. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылыстарын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Таңертең орманда", "Құстар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Педагогтің	әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жел туралы ойларын нақтылау. Зерттеу. Құбылнаманың көмегімен желдің бағытын анықтау; желбағарды пайдаланып желдің күшін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау, бірлескен күш-жігермен тапсырмаларды орындау қабілеттерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене	таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Мұздың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Мұздың қалыңдығын мұз өлшегішпен өлшеу (келесі серуендерде су қоймасындағы мұздың еруін бақылау). Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстан тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене	таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Топырақ қабаты - шымтезекпен таныстыру. Зерттеу. Құрғақ және сулы шымтезек кесектерін салыстыру; ұлғайтқыш арқылы шымтезек неден тұратынын бақылау; топырақ қайда тез кебеді және неге? Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша жүйекшелеріне және ағаштардың түбіне шымтезек тасу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шымтезектің пайдалы қасиеттері туралы білімдерін
--	--	---	---	--	--

	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тізені жоғары көтеріп, педагог белгілеген межеге дейін аяқтың ұшымен жүгіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Құрсауды еркін бағытта домалату дағдыларын жетілдіру.	нұсқауларын тыңдау және оларды дұрыс орындау, берілген кеңістікте шашыраңқы жүру қабілеттерін бекіту; құстардың атауын, бір аяғымен секіру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: математикалық жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жұп және тақ сандардың есебін бекіту.	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: допты бір-біріне төменнен лақтыру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: ұзындыққа секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіруді үйрету.	бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ақ пен кара". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қашып бара жатқан балаларды белгі бойынша қуып жету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: арқанмен жаттығулар жасау. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Арқанды алға және артқа айналдырып, секіру қабілетін бекіту.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. Салт-дәстүр. Асату. Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әтүрлі массаж (уқалау) жасайды. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға

	бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида»». Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында-	Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы	Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен	Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі). Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемочарточкалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды,	Дидактикалық ойын. "Мен кімін? Ол не?" Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс немесе мамандық иесі туралы сипаттаманы естіп, оның кім немесе не екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу. Шарты. Алғашында педагог, содан соң қалаған балалар кезекпен шығып, қалған

	«экологиялық пирамида деген жазу бар. Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді. Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға. Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ. Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер. Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі. Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр	мүмкін. Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-	сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-	жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады. Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады. Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Қыр басына шығайық,	балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты жасырады. Жұмбақты жасыру мысалы: "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысының
--	---	--	---	---	---

сатының өз маңызы бар екенін айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын: «Етек - етек» Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады. Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді. Етекпен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды. Ол бала ойыннан шығарылады.	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанарамай бекеті жазуы; жанармай	әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар.	Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет – бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс	ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы
---	--	---	---	--

	Ал, ұстандар етектен, Айырылмандар жетектен, Біз шөжелер боламыз, Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды қарақұс, Сол болады құсқа жем, Ұрынады қатерге, Ана сөзін екі еткен. (дене шынықтыру)	құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бактарының жасанды үлгілері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог балалармен жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар жөнінде суреттер мен бейнежазбаларды	Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы	жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа,	мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және ішкі киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі жайында да айтылуы тиісті. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын
--	--	---	--	--	--

		көрсету арқылы әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім, қандай қызмет атқаратынын анықтап, рөлдерді бөліседі (санамақ та арқылы болады), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес	ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға	сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар	барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды "сатады". ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.
--	--	--	---	---	--

		қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін ұстану керек, от жағуға, темекі шегуге болмайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог	Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстану тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
--	--	---	--	--	--

				балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. Гүлдер Көктемде жайнар алқаптар - (ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру") Айналаға гүл қаптар. (алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету) Шашағы аппақ	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні	Ойын-жаттығу "Табиғатпен сырласу" Балалар арасынан "жолбасшы" тағайындалады. Балалар шеңберге бірінің артынан бірі тұрып, жолбасшының қимылын	«Мейірімділік ағашы» Ойынның мақсат-міндеттер: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған	"Дидактикалық ойын ""Ұшады, жүзеді, секіреді"". Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту. Мысалы: Балық - жүзеді, аққу -

	түймедақ, (алақанды, саусақтарды ашып, қозғау.) Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесе сияқты жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) (қарым-қатынас іс- әрекеті)	таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. "Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын)." және т.б.. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)	қайталайды. Өзеннен өту. Тауға өрмелеп шығу. Шалшық сулардан өту. Ормандағы сулардан өту. Ашық алаңға жетіп, қуанып, демалды. (дене шынықтыру)	«мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	ұшады, қоян - секіреді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)"
--	---	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз,

	Бақшадағы балаға. Салт-дәстүр. Асату. Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)

Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер,

	мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Біздің отбасы серуенде».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуыны отбасының ықпалы».	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.	«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».